

"Ақшаны заңдастыруға байланысты Қазақстан Республикасының азаматтарына рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 17 қараша N 1731

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

"Ақшаны заңдастыруға байланысты Қазақстан Республикасының азаматтарына рақымшылық жасау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
З А Ң Ы**

Ақшаны заңдастыруға байланысты Қазақстан Республикасының азаматтарына рақымшылық жасау туралы

Осы заң Қазақстан экономикасына қосымша қаржы қаражаттарын тарту мақсатындағы, Қазақстан Республикасы азаматтарының бұрын кәсіпкерлік қызмет ережелері жетілдірілмеген жағдайларда экономика саласында жекелеген құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды салық салу мен жауапкершіліктен босату жолымен жариялы экономикалық айналымнан шығарылған және мәлімделмеген ақшаларын жария ету жөнінде мемлекет жүргізетін біржолғы ерекше әрекет болып табылады.

1 - б а п

Осы Заң Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімнің ішінде ұлттық немесе шетел валютасы түріндегі қолма-қол ақшаны салу, сондай-ақ шетел банктерінің шоттарынан ақша аудару жолымен, тізбесін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін екінші деңгейдегі банктердің арнайы шоттарына ақша

аударған Қазақстан Республикасының азаматтарына қолданылады.

2 - б а п

Осы Заң, Қазақстан экономикасына қосымша қаржы қаражаттарын тарту мақсатын көздей отырып, өзінің ережелерімен жеке тұлғаға, бейбітшілік пен адамзаттың қауіпсіздігіне, халықтың денсаулығы мен имандылыққа, сондай-ақ қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған қылмыстардың нәтижесінде алынған кірістердің жария етілуіне жол бермеуге бағытталған.

3 - б а п

Осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейіндегі банктерінің арнайы шоттарына енгізілген ақшалардың шығу көздері тексеруге жатпайды.

Арнайы шоттың болуы кез келген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу, соның ішінде әкімшілік және тәртіптік ретпен қылмыстық қудалауды немесе жазалауды жүзеге асыру үшін негіз бола алмайды, сондай-ақ қандай да бір қылмыстық немесе құқық бұзушылықты жасаудағы кінәсіне дәлелдеме ретінде пайдаланыла алмайды.

Осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі арнайы шоттардың бар-жоғы, салымдардың мөлшерлері мен арнайы шоттарға ақша салған адамдар туралы қандай болса да ақпараттарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарына талап етуге, ал Қазақстан Республикасы банктерінің ұсынуына тыйым салынады.

Осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі арнайы шоттардың бар-жоғы, салымдардың мөлшерлері мен арнайы шоттарға ақша салған адамдар туралы мемлекеттік органдардың барлық ауызша және жазбаша сұраулары мен лауазымды адамдардың ақпараттар ұсынғандары жөнінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына хабарлауға міндетті.

4 - б а п

Арнайы шотқа түскен ақшаға иелік етуді оларды осы шотқа есепке алу жөніндегі банктік рәсімдер аяқталғаннан кейін келесі күні салымшы жүзеге асырады.

5 - б а п

Осы заңның 1-бабында көрсетілген адамдарға арнайы шоттарына ақша салынған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі енгізілген соманың мөлшері мен

енгізілген күнін көрсететін ресми құжатты береді. Арнайы шоттарды ашу мен жүргізудің ерекшеліктерін, ресми құжатты берудің, арнайы шоттарда тұрған ақшалардың есебін жүргізудің нысаны мен тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

6 - б а п

Осы Заңның 1-бабында көрсетілген адамдар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің арнайы шоттарына енгізілген ақшалардың сомалары бойынша салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық Z952235_ заңнамасымен көзделген айыппұлдық санкциялар мен өсімпұлдар сомаларын төлеуден босатылады.

Осы баптың күші осы Заңның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының

Президенті белгілеген мерзімге дейін, айыппұлдық санкциялар және олар бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда, және/немесе төлеуге жататын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомаларына қолданылмайды.

7-бап

Осы Заңның 1-бабында көрсетілген адамдар, осы Заңның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімге дейін Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің

Қ970167_

190, 191, 192-баптарымен, 194-бабының екінші бөлігімен, 221-бабымен көзделген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауапкершіліктен босатылады.

8-бап

Осы Заңның 1-бабында көрсетілген адамдар, осы Заңның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімге дейін Қазақ ССР-ның Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 165, 167, 169, 169-1, 170, 170-1

баптарымен көзделген қылмыстарды жасағаны үшін әкімшілік жауапкершіліктен
б о с а т ы л а д ы .

9-бап

Осы Заңның 1-бабында көрсетілген адамдар, осы Заңның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімге дейін "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z980267_ 9-бабының 5 және 6 тармақтарымен, "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z990453_ 28-бабының 1-тармағымен көзделген әрекеттері

үшін жауапкершілікке тартуға жатпайды.

10-бап

Осы Заңның 5, 6, 7 және 8-баптарының күші осы Заңның 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімге дейін қылмыстық істер, әкімшілік және тәртіптік іс өндірісі қозғалған, сондай-ақ сотталған және әкімшілік және тәртіптік жазалар салынған адамдарға қолданылмайды.

11-бап

Осы Заң жарияланған күнінен бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК